

## Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы баға комитетінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 13 шілде N 601. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.05.03. N 555 қаулысымен.

Мемлекеттік салық қызметінен мемлекеттік бағалар мен тарифтерді қолданудың дұрыстығын бақылау функциясының алынуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне және жергілікті әкімдердің баға түзу органдарына мемлекеттік бағалар мен тарифтерді қолданудың дұрыстығын бақылау функциясы жүктелсін.

2. Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне Комитетте Баға бақылау басқармасын құру үшін еңбекке ақы төлеудің тиісті қорымен қоса 13 адам мөлшерінде қызметкер санын б е р с і н .

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне баға бақылау жөніндегі инспекторлық аппараты болатын дербес баға бөлімдерін құру ұ с ы н ы л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті мен жергілікті әкімдердің баға түзу органдарының қызметкерлеріне баға түзу жөнінде экономикалық ақпарат алу және бақылау функциясын орындау үшін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарға, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші монополист субъектілерге, кедергісіз келіп-кету құқығы берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетінің осыған қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті бір айлық мерзімде облыстық, Алматы және Ленинск қалалық Баға бөлімдері туралы Үлгі ережені бекітсін.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті мен қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің келісуі бойынша екі айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер - министр і  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 13 шілдедегі  
N 601 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі  
жанындағы Баға комитеті туралы  
Е р е ж е

1. Бұдан былай "Комитет" деп аталатын Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті Қазақстан Республикасында мемлекеттік баға саясатын жүргізуді қамтамасыз ететін, ұйымдық, экономикалық механизмдерді әзірлеп, жүзеге асыратын, баға түзу саласында әдістемелік басшылық жасайтын орталық экономикалық орган болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа да нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар:  
бірыңғай мемлекеттік баға саясатын жүзеге асыру;  
баға мен тарифтің мемлекеттік тәртібін сақтауға бақылауды қамтамасыз ету;  
баға түзу тәжірибесін, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің, халық тұтынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің реттелетін және еркін (нарықтық) бағалары мен тарифтерін қалыптастыру және оларды қолдану тәртібін ж е т і л д і р у ;

бағаның ұзақ мерзімді және орташа мерзімді болжамдарын әзірлеу;  
басқа мемлекеттердің тиісті органдарымен баға түзу мәселелері бойынша бірлесіп іс-әрекет жасауды жүзеге асыру.

4. Комитет негізгі міндеттеріне сәйкес:  
баға түзу тәртібін анықтайды және халық шаруашылығында мемлекеттік баға мен тарифтерді белгілеу, қолдану жөніндегі әдістемелік басшылықты жүзеге а с ы р а д ы ;

шаруашылық жүргізуші монополис субъектілер өнімдерінің бағасы мен тарифтерін реттейді және декларациялау жүргізеді;  
мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардағы, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші монополис субъектілерде мемлекеттік баға мен тарифтердің дұрыс қ о л д а н ы л у ы н т е к с е р е д і ;

мемлекеттік баға тәртібін бұзғаны үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерге заңға сәйкес экономикалық санкциялар қолданады;  
өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы бағаларының арасында пара-парлықты сақтаудың, басым салалар мен өнім (тауарлар мен қызметтер) түрлерін баға

тұрғысынан ынталандырудың экономикалық әдістерін жасайды;  
жекелеген тауар түрлері бойынша бағаның арақатынасын реттейді және  
үйлестіреді, баға құрылымын жетілдіру шараларын жүзеге асырады;  
тиісті органдармен келісіп ренталық төлем ставкалары жөнінде ұсыныстар  
ә з і р л е й д і ;

сауда және жабдықтау-өткізу үстемелерін (үстеме баға) белгілеу мен қолдану  
т ә р т і б і н а н ы қ т а й д ы ;

мемлекетаралық тауар алмасу өнімдері бағасының деңгейі бойынша  
ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е й д і ;

республиканың кәсіпорындары мен ұйымдарындағы, ТМД елдеріндегі,  
сондай-ақ шет елдердегі баға түзу тәжірибесін зерттеуді және қорытады, өз  
өкілеттігі шеңберінде бұл саладағы халық аралық ынтымақтастықты жүзеге  
а с ы р а д ы ;

әлемдік және ішкі бағалардың арақатынасына талдау жасайды;  
облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің баға түзу  
органдарына әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді және олардың  
ж ұ м ы с т а р ы н ү й л е с т і р е д і ;

баға ақпаратының анықтамалық-ақпараттық қорын құрады және  
кәсіпорындар мен ұйымдарға баға түзу мәселелері жөнінде консультациялық  
к ө м е к к ө р с е т е д і ;

баға түзу органдары мамандарының біліктілігін көтеру жұмысын жүргізеді.

5. Өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін Комитеттің:  
тексеру кезінде министрліктерден, ведомстволардан, мемлекеттік  
кәсіпорындар мен ұйымдардан сондай-ақ шаруашылық жүргізуші монополис  
субъектілерден қажет болған жағдайда есепті деректер, баға түзу жөніндегі басқа  
да анықтамалық-ақпараттық материалдар алуға;

баға түзу мәселелері жөнінде өз құзыры шеңберінде, заңмен белгіленген  
тәртіппен барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер орындауға міндетті болып  
табылатын шешімдер қабылдауға;

республиканың мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарының баға мен  
тариф белгілеуінің және оларды қолдануының дұрыстығын тексеруге;

министрліктерге, ведомстволарға, кооперативтік, қоғамдық және басқа  
ұйымдарға бағаларды, тарифтерді, үстемелерді (үстеме бағаларды) және  
шегерімдерді белгілеу мен қолдану тәртібі туралы түсініктеме, сондай-ақ  
мемлекеттік баға тәртібін бұзуды жою жөнінде нұсқама беруге;

қолданылып жүрген баға түзу тәртібіне қайшы келетін бағалар мен  
тарифтердің, ведомстволық нормативтік актілердің күшін жою немесе өзгерту  
т у р а л ы н ұ с қ а м а б е р у г е ;

баға түзудің жекелеген мәселелерін әзірлеу, сондай-ақ бағаның белгіленуі

мен қолданылуының дұрыстығын тексеру үшін министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың ғылыми қызметкерлерін, мамандарын белгіленген тәртіппен тартуға;

бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің баға түзу жөнінде қолданылып жүрген заңдарының талаптарын бұзып бағалар мен тарифтер қолданудың нәтижесінде негізсіз алған қаражатын бюджеттің есебіне алып қою туралы заңда белгіленген тәртіппен шешім қабылдауға және тәртіп бұзушыларға экономикалық санкциялар қолдануға;

өз құзыры шегінде бағаны, тарифті, үстемелерді (үстеме бағаларды, шегерімдерді) бекіту туралы қаулылар, барлық министрліктер мен ведомстволар, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші монополис субъектілер үшін орындау міндетті болып табылатын әдістемелік нұсқаулар, баға жөніндегі басқа да нормативтік құжаттар шығаруға;

баға түзу тәжірибесіне экономикалық-математикалық әдістерді енгізуге; баға түзу мәселелері жөнінде белгіленген тәртіппен прејскуранттар, баға мен тариф бюллетеньдерін, анықтамалықтар, әдістемелік нұсқаулар және басқа материалдар басып шығаруға құқығы бар.

6. Баға комитетін Төраға басқарады, оның бірінші орынбасары мен орынбасары болады.

Төраға мен оның орынбасарларын қызметке Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды және қызметінен босатады.

Т ө р а ғ а :

Комитет қызметіне басшылық етеді және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап берді;

Төраға орынбасарларының арасында міндеттерді бөледі, белгіленген қызметкерлер саны мен еңбекақы қоры шегінде орталық аппараттың құрылымын және штат кестесін бекітеді, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық баға бөлімдері туралы Үлгі ережені бекітеді, олардың басшыларының міндеттерін белгілейді.

7. Комитет төрағасы Комитет қызметкерлері үшін орындауға міндетті болып табылатын бұйрықтар, өкімдер мен нұсқаулар шығарады, тапсырмалар береді.

8. Комитеттің қызметінің неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау үшін құрамында Төраға, оның орынбасарлары және Комитеттің 4 басшы қызметкері болатын алқа құрылады.

Алқаның құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. Алқаның шешімдері қаулы нысанында шығарылады.

9. Комитеттің аппаратын қаржыландыру мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналып республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

10. Комитет заңды ұйым болып табылады, дербес балансы, банкте есеп айырысу және бюджеттік есеп шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде ж а з ы л ғ а н м ө р і б о л а д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК